

¹Туркстанова А.Е. *  ²Муратбекова А.М. 

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹bota.yespan@gmail.com, ²a.muratbekova@ayu.edu.kz

ҮНДІСТАН – ҚАЗАҚСТАН: СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАР

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – Үндістан Республикасының сыртқы саяси басымдықтарын және олардың Қазақстан Республикасымен екіжақты қатынастардың дамуына әсерін кешенді талдау. Зерттеудің маңызы Үндістанның Орталық Азиядағы, соның ішінде Қазақстандағы, ықпалының артуымен және екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті ғылыми тұрғыдан бағалау қажеттілігімен айқындалады. Мақаланың жаңалығы Үндістанның «стратегиялық автономия» тұжырымдамасын Қазақстан–Үндістан қатынастарының нақты салаларымен (саяси, экономикалық, энергетикалық, қорғаныс, білім беру) байланыстыра отырып қарастыруында және екіжақты қатынастардың кезеңдік моделін ұсынуында. Зерттеу міндеттері: Үндістан сыртқы саясатының эволюциясы мен Орталық Азия стратегиясын сипаттау; 1992 жылдан бергі екіжақты қатынастардың институционалдық негізін анықтау; ынтымақтастықтың негізгі салаларын талдау; әріптестіктің шектеулері мен перспективалы бағыттарын айқындау. Тәжірибелік маңызы – алынған қорытындыларды Қазақстанның Оңтүстік Азия бағытындағы сыртқы саясатын жоспарлауда және сараптамалық-талдау жұмыстарында пайдалану мүмкіндігі. Әдіснамалық негізін халықаралық қатынастардағы реализм, либерализм және конструктивизм теориялары құрайды; эмпирикалық талдауда тарихи-хронологиялық, салыстырмалы, жүйелік және статистикалық әдістер, сондай-ақ ресми құжаттардың контент-талдауы қолданылды. Негізгі нәтижелер: Қазақстан–Үндістан қатынастарының дамуында екі кезең (1992–2008 жж. – дипломатиялық-институционалдық негіздің қалыптасуы; 2009 жылдан бері – стратегиялық әріптестік) анықталды; саяси сенім деңгейі жоғары болғанымен, экономикалық ынтымақтастықтың нақты нәтижелері әлеуеттен төмен екені көрсетілді; уран мен мұнай-газ саласы екіжақты қатынастардың негізгі қозғаушы күші ретінде айқындалды. Қорытындыда көлік-логистика, фармацевтика және IT, энергетика, қауіпсіздік және гуманитарлық салалар бойынша ынтымақтастықты тереңдетудің бес бағыты ұсынылады.

Кілт сөздер: Үндістан сыртқы саясаты, стратегиялық автономия, Орталық Азия, Қазақстан–Үндістан стратегиялық әріптестігі, көпвекторлы саясат, энергетикалық ынтымақтастық, уран және атом энергетикасы, аймақтық қауіпсіздік, гуманитарлық байланыстар.

Кіріспе

Халықаралық қатынастар жүйесінде соңғы жылдары геосаяси теңгерімнің қайта құрылуы, экономикалық ықпал үшін бәсекенің күшеюі және аймақтық интеграциялық бастамалардың жандана түсуі байқалады. Мұндай жағдайда Үндістан өзін әлемнің «көтеріліп келе жатқан державасы» және өзіндік стратегиялық ықпалды актор ретінде танытуда. Ол бір мезгілде АҚШ-пен, Ресеймен, Қытаймен, Еуропалық одақ елдерімен және дамушы мемлекеттермен теңгерімді қарым-қатынас орнатуда. Сонымен қатар, өзін «жаһандық Оңтүстіктің» мүддесін қорғаушы мемлекет ретінде көрсетуге ұмтылып, дамушы елдер арасындағы беделін күшейтуде. БРИКС, G20, Шанхай ынтымақтастық ұйымы сияқты

халықаралық және аймақтық құрылымдарға белсенді қатысуы да Үндістанның жаһандық басқару жүйесіндегі ықпалын көрсетеді (Cohen, 2001).

Үндістанның сыртқы саясатында стратегиялық қарым-қатынасты кеңейту, экономикалық бағытта дамыту, дипломатиялық қатысуын көптеген аймақтарға тарату ұстанымдары жаңа ғасыр басталысымен нығаюда (Mohan, 2003). Бұл мемлекеттің әлемдік саясаттағы орны оның стратегиялық дербестікке негізделген сыртқы саяси стратегиясымен айқындалады. Яғни, Үндістанның сыртқы саясаты бір орталыққа тәуелденбей, әртүрлі державалармен және аймақтармен прагматикалық байланыстарды дамытатын стратегиялық автономия қағидасын ұстанады. Мұны оның Үнді мұхиты аймағындағы қауіпсіздік мәселесіндегі саясатынан, Азиядағы күштер балансын сақтаудағы рөлінен, сонымен қатар технологиялық даму және халықаралық беделді арттыру мақсаттарын жүзеге асыруынан байқауға болады.

Үндістанның Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатына келсек, аймақтың оның басымдықтарындағы орны бірте-бірте артып келгені айқын. Үндістан Орталық Азияны Ресей, Қытай, Иран және Оңтүстік Азия мемлекеттерінің мүдделерінің тоғысында орналасқан маңызды геосаяси кеңістік ретінде қарастырады. Жаңа-Дели үшін Орталық Азия басқа жетекші аймақтық державалармен бәсекелестік, логистикалық бағыттардың өзгеруі және энергетикалық қауіпсіздіктің маңыздылығы тұрғысынан, сондай-ақ Үндістанның назарын Еуразия аймағына аударған фактор ретінде қарастырылады (Muratbekova, Khitakhunov, 2024: 69–78).

Үндістанның Орталық Азия стратегиясында Қазақстан негізгі серіктес ретінде айрықша орын алады. Қазақстанның сыртқы және ішкі саясаттағы жетістіктері оның Орталық Азиядағы көшбасшылық орнын анықтайды. Сондықтан Үндістан үшін Қазақстан оның аймақтық ынтымақтастық стратегиясында саяси, энергетикалық және қауіпсіздік салаларындағы маңызды бағыт болып табылады.

Қазақстан үшін Үндістанмен ынтымақтастық мемлекеттің көпвекторлы сыртқы саясатының маңызды элементі ретінде қарастырылады. Себебі, біріншіден, Үндістанның экономикалық және демографиялық әлеуеті оны ірі нарық әрі инвестициялық серіктес ретінде танытады. Екіншіден, Үндістанның Орталық Азия кеңістігіне қызығушылығы Қазақстанның транзиттік, ресурстық және дипломатиялық мүмкіндіктерімен тоғысады. Үшіншіден, аймақтық қауіпсіздік пен терроризмге қарсы ортақ күн тәртібі тараптардың өзара түсіністігін нығайтуға ықпал етеді (Лаумулин, 2009).

Қазіргі уақытта үнді-қазақстандық қарым-қатынастар практикалық маңызға ие, себебі олар бірін-бірі толықтыратын мүдделерге негізделген. Қазақстан сыртқы экономикалық байланыстарды әртараптандыруға және технологияларды тартуға мүдделі, ал Үндістан аймақтық ресурстарға қол жеткізуге, көлік байланыстарын нығайтуға және Еуразиядағы дипломатиялық қолдауды кеңейтуге мүдделі. Оған қоса, жаңа геосаяси және экономикалық қиындықтар жағдайында үнді-қазақстандық ынтымақтастықты дамыту өзара әрекеттесу тетіктерін талдауды және перспективалы бағыттарды анықтауды талап етеді.

Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттер арасындағы екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты ғылыми тұрғыдан талдаудың өзектілігі артуда. Әсіресе геосаяси, экономикалық және энергетикалық факторлар тоғысқан аймақтардағы серіктестік мәселелері халықаралық қатынастар теориясы мен тәжірибесінде маңызды орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан мен Үндістан арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу ғылыми және тәжірибелік маңызға ие.

Мақаланың мақсаты – Үндістанның сыртқы саясатының басымдықтарын және олардың Қазақстанмен қарым-қатынастың дамуына әсерін зерттеу, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықтың негізгі мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: 1) Үндістан сыртқы саясатының тәуелсіздік алғаннан бергі эволюциясын және оның Орталық Азия стратегиясының негізгі өлшемдерін сипаттау; 2)

Қазақстан–Үндістан қатынастарының шарттық-құқықтық және институционалдық негізін анықтау; 3) саяси, экономикалық, энергетикалық, қорғаныс және білім беру салаларындағы ынтымақтастықтың мазмұны мен нәтижелерін талдау; 4) екіжақты қатынастардың даму кезеңдерін айқындау және әріптестікті тереңдетудің перспективалы бағыттарын ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі кешенді сипатта құрастырылды. Теориялық тұрғыдан мақала халықаралық қатынастардағы реализм, либерализм және конструктивизм парадигмаларының түсіндірмелік мүмкіндіктерін пайдаланады. Реализм қауіпсіздік пен күштер балансын сыртқы саясаттағы негізгі детерминант ретінде қарастырады; Үндістанның стратегиялық мәдениетін талдауда осы тәсіл К. Баджпайдың еңбегіне сүйене отырып қолданылды (Bajpai, 2002: 245–304). Неореализм халықаралық жүйенің құрылымдық сипаты мемлекеттердің мінез-құлқын айқындайтынын атап көрсетеді, бұл Үндістанның «көтеріліп келе жатқан держава» ретіндегі ұстанымын түсіндіруге мүмкіндік береді (Cohen, 2001). Либерализм мемлекетаралық ынтымақтастықтың институционалдық және экономикалық негіздерін алға тартып, өзара тәуелділіктің тұрақтылықты күшейтетініне мән береді (Ikenberry, 2011); халықаралық тәртіптегі күш пен құндылықтардың арақатынасы А. Харреллдің тұжырымдамасы негізінде қарастырылды (Hurrell, 2007). Конструктивизм сыртқы саясатта идеялар, нормалар және идентификация факторларының маңызын түсіндіруге мүмкіндік береді; бұл тәсіл Үндістанның «стратегиялық автономия» және «жаһандық Оңтүстік» дискурсын талдауда пайдаланылды.

Эмпирикалық талдау барысында келесі нақты әдістер қолданылды. *Тарихи-хронологиялық әдіс* Қазақстан–Үндістан қатынастарының 1992 жылғы дипломатиялық қатынастар орнатылғаннан бастап 2025 жылға дейінгі негізгі оқиғаларын (декларациялар, келісімдер, жоғары деңгейдегі сапарлар, бірлескен жаттығулар) хронологиялық тәртіппен жүйелеу үшін қолданылды; нәтижесінде екіжақты қатынастардың екі кезеңнен тұратын моделі ұсынылды. *Салыстырмалы әдіс* екі деңгейде пайдаланылды: біріншіден, Үндістан сыртқы саясатының үш кезеңі (қосылмау саясаты, 1991 жылдан кейінгі экономикалық дипломатия және 2014 жылдан бергі Н. Моди үкіметінің саясаты) салыстырылды; екіншіден, ынтымақтастықтың жекелеген салалары (саяси, экономикалық, энергетикалық, қорғаныс, білім беру) даму деңгейі бойынша салыстырылды, бұл саяси диалог пен экономикалық нәтижелер арасындағы алшақтықты анықтауға мүмкіндік берді. *Жүйелік тәсіл* Қазақстан–Үндістан қатынастарын Үндістанның Орталық Азия стратегиясы мен Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының кіші жүйесі ретінде қарастыруға, сол арқылы екі елдің мүдделерінің өзара толықтырушы сипатын айқындауға мүмкіндік берді. *Контент-талдау* ресми құжаттарға – 1992 жылғы декларация мен келісімдерге, 2002 жылғы Бірлескен декларацияға, 2009 жылғы Стратегиялық әріптестік декларациясына, 2015 жылғы қорғаныс және темір жол саласындағы келісімдерге, Сыртқы істер министрлігінің ресми хабарламаларына – қолданылды; нәтижесінде екіжақты дискурста басым бағыттар (энергетика, байланыстылық, қауіпсіздік, гуманитарлық байланыстар) анықталды. *Статистикалық талдау* 2013, 2015 және 2024 жылдардағы тауар айналымы, Үндістан инвестицияларының көлемі, уран жеткізілімдері мен бірлескен кәсіпорындар саны бойынша деректерге қолданылып, экономикалық ынтымақтастықтың динамикасы мен құрылымдық ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік берді.

Дереккөздік базаны үш топ құрайды: 1) Үндістан сыртқы саясаты мен Қазақстан–Үндістан қатынастарына арналған монографиялар мен ғылыми мақалалар (Лаумулин, 2009; Santhanam, Sultanov, 2006; Santhanam, Baizakova, Dwivedi, 2007; Muratbekova, Khitakhunov, 2024; Cohen, 2001; Mohan, 2003; Ganguly, 2012; Hall, 2019); 2) екі ел арасындағы ресми құжаттар – Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер базасында (adilet.zan.kz) және Президент әкімшілігінің ресми сайтында (akorda.kz) жарияланған

келісімдер мен меморандумдар; 3) Сыртқы істер министрлігінің ресми сапарлары туралы ақпараттық-аналитикалық материалдар мен халықаралық ұйымдар (Халықаралық энергетикалық агенттік) деректері.

Талқылау

Үндістанның сыртқы саясаты мен оның Орталық Азиядағы, соның ішінде Қазақстандағы, ұстанымы бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Оларды шартты түрде үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топты Үндістанның сыртқы саясатының жалпы эволюциясына арналған зерттеулер құрайды. С. Коэн Үндістанның «көтеріліп келе жатқан держава» ретіндегі әлеуетін, оның стратегиялық мәдениетінің ерекшеліктерін және ұлы державалармен қатынастарын жүйелі талдап, Үндістанның жаһандық рөлге деген ұмтылысының ішкі және сыртқы шектеулерін көрсетті (Cohen, 2001). Ч.Р. Мохан 1991 жылғы экономикалық реформалардан кейінгі Үндістан сыртқы саясатының «қосылмау» идеологиясынан прагматизмге және стратегиялық серіктестіктерге өтуін «Рубиконнан өту» ретінде сипаттады (Mohan, 2003). С. Гангули Үндістан сыртқы саясатының тарихи ретроспективасын аймақтық және жаһандық деңгейлер тұрғысынан жинақтап, оның болашақ бағыттарын болжады (Ganguly, 2012). И. Холл Н. Моді үкіметінің тұсындағы сыртқы саясаттың «қайта құрылуын», атап айтқанда, идеологиялық және институционалдық өзгерістерді талдады (Hall, 2019). К. Баджпай Үндістанның стратегиялық мәдениетіндегі негізгі ағымдарды (неруизм, неолиберализм, гиперреализм) ажыратып, олардың сыртқы саяси шешімдерге әсерін көрсетті (Bajrai, 2002: 245–304). Үндістанның ядролық дипломатиясы мен стратегиясы – Қазақстанмен уран саласындағы ынтымақтастықты түсіну үшін маңызды аспект – А. Кумардың (K. Ashok) еңбегінде қарастырылған (Ashok, 2017).

Екінші топқа халықаралық қатынастардың теориялық негіздеріне арналған және Үндістан сыртқы саясатын түсіндіруге қолданылатын еңбектер жатады. Дж. Айкенберри либералдық халықаралық тәртіптің қалыптасуы мен дағдарысын талдай отырып, көтеріліп келе жатқан державалардың, соның ішінде Үндістанның, осы тәртіптегі орнын қарастырады (Ikenberry, 2011). А. Харрелл жаһандық тәртіптегі күш пен құндылықтардың арақатынасын және аймақтық державалардың рөлін зерттейді (Hurrell, 2007). Р. Беттс әскери дайындық тұжырымдамасын әзірлеп, қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты бағалаудың әдіснамалық негізін ұсынады (Betts, 1995).

Үшінші топ – тікелей Қазақстан–Үндістан қатынастарына арналған зерттеулер. М.Т. Лаумулин Орталық Азияны шетелдік саясаттану мен әлемдік геосаясат тұрғысынан қарастыра отырып, Үндістанның аймақтық мүдделеріне және Қазақстанның көпвекторлы саясатындағы Оңтүстік Азия бағытына ерекше назар аударды (Лаумулин, 2009). К. Сантханам мен Б. Сұлтанов, сондай-ақ К. Сантханам, К. Байзақова және Р. Дживеди бірлескен редакциясымен шыққан жинақтар екіжақты қатынастардың 2000-жылдардың ортасындағы жай-күйін үнді және қазақстандық сарапшылардың көзқарасы тұрғысынан жан-жақты сипаттады (Santhanam, Sultanov, 2006; Santhanam, Baizakova, Dwivedi, 2007). А. Мұратбекова мен А. Хитахунов Үндістанның Қазақстандағы сыртқы саясатын ынтымақтастық әлеуеті тұрғысынан талдап, екіжақты қатынастардың қазіргі кезеңдегі негізгі бағыттарын анықтады (Muratbekova, Khitakhunov, 2024: 69–78).

Историографиялық шолу көрсеткендей, Үндістан сыртқы саясатының жалпы мәселелері шетелдік әдебиетте жеткілікті дәрежеде зерттелген, ал Қазақстан–Үндістан қатынастарына арналған еңбектер негізінен 2000-жылдардың ортасындағы жағдайды сипаттайды. 2015 жылдан кейінгі кезеңдегі, әсіресе қорғаныс, атом энергетикасы және білім беру салаларындағы ынтымақтастықтың динамикасы, сондай-ақ 2020-жылдардағы сауда көрсеткіштерінің өзгеруі қазақ тілді ғылыми әдебиетте жеткілікті талданбаған. Осы мақала аталған олқылықтың орнын толтыруға бағытталған.

Үндістанның сыртқы саясаты

Үндістанның сыртқы саяси доктринасы тәуелсіздік алған кезеңнен бастап өзіндік ерекшелігімен айқындалды. Алғашқы онжылдықтарда мемлекет халықаралық жүйеде блоктарға қосылмай, дербес позиция ұстануды мақсат етті. Оның «қосылмау» қағидасы Үндістанның егемендігін сақтауға, экономикалық дамуға сыртқы ресурстар тартуға және сыртқы қысымдарды азайтуға бағытталған болатын. 1990-жылдардан кейін мемлекеттің сыртқы саясатының жаңа жағдайларға бейімделе бастауы экономиканы либерализациялау және халықаралық нарықтарға терең кірігу қажеттілігін туындатты. Нәтижесінде Үндістан сыртқы саясатында экономикалық дипломатияның салмағы артты, жаңа серіктестер іздеу белсенділігі күшейді (Mohan, 2003).

Жүргізілген либерализация реформаларының арқасында Үндістан жаңа даму деңгейіне өтті. Қазіргі кезеңде Үндістан сыртқы саясатында жаһандық ойыншы ретінде мәртебесін нығайтуға деген өзіндік ұмтылысы байқалуда. Әсіресе 2014 жылы билік басына Нарендра Моди үкіметінің келуімен сыртқы саясат түбегейлі өзгерістерге ұшырады (Hall, 2019). Біріншіден, мемлекет стратегиялық автономияны сақтай отырып, жаһандық басқару институттарында белсенді позиция ұстана бастады, бұл стратегиялық серіктестіктерді дамытуға алып келді. Екіншіден, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Үнді мұхиты аймағындағы ықпалын кеңейту және экономикалық мүдделерін ілгерілету байқалуда. Үшіншіден, аймақтардағы дипломатиялық қатысуы нығаюда. Осы логикада Үндістан әртүрлі державалармен қатынасты теңгерімді ұстап, бір мезетте АҚШ-пен технологиялық әріптестікке, Ресеймен дәстүрлі байланыстарды сақтауға және Қытаймен бәсекелестік жағдайында прагматикалық диалог жүргізуге ұмтылады. Сондай-ақ, батыс елдеріне балама жүйе ретінде қарастырылатын БРИКС тобының да сыртқы саясаттағы орны артты.

Орталық Азияға келсек, қазіргі таңда Үндістанның аймақтық процестерге белсендірек қатысуға деген ұмтылысы көрінеді. Орталық Азия Үндістан үшін геосаяси және геоэкономикалық тұрғыда маңызды аймақ ретінде қарастырылады. Бұл маңыз бірнеше өлшемнен тұрады. Біріншіден, аймақтағы энергия ресурстары Үндістанның өсіп келе жатқан экономикасына ұзақ мерзімді қолдау беруі мүмкін. Екіншіден, Орталық Азияның транзиттік кеңістік ретіндегі рөлі Үндістанның Еуразия бағытындағы байланыс әлеуетін арттырады. Үшіншіден, қауіпсіздік мәселелері (терроризм, экстремизм, Ауғанстандағы тұрақсыздық) Үндістан үшін тікелей қауіп факторы ретінде қабылданады (Mohan, 2003; Ganguly, 2012).

Алайда Үндістанның Орталық Азияға белсенді кіруіне географиялық тосқауылдар әсер етеді. Аймаққа тікелей құрлықтық жолдың болмауы және транзиттің күрделілігі экономикалық қатынастардың қарқынын шектейді. Сондықтан Үндістан үшін логистика мен көлік дәліздерін әртараптандыру, соның ішінде Иран бағытындағы және көпмодальды тасымал механизмдерін дамыту өзекті болып отыр.

Үндістанның аймаққа қатысты стратегиясы көпжақты және екіжақты тетіктерді үйлестіруге негізделеді. Көпжақты деңгейде Үндістан ШЫҰ сияқты алаңдар арқылы аймақ елдерімен тұрақты диалог жүргізуге, қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге ұмтылады. Екіжақты деңгейде сауда-экономикалық келісімдер, мәдени және білім байланыстары, қорғаныс саласындағы өзара әрекеттестік формалары басым орын алады.

«Шығысқа қарай әрекет ету» саясаты аясында Жаңа-Делидің АСЕАН-мен жақындасуға және Үнді-АСЕАН еркін сауда аймағын құру перспективалары бар Шығыс Азия қауымдастығын (ШАҚ) қалыптастыруға бағытталған стратегиялық ұстанымы жүзеге асырылуда, сондай-ақ ШАҚ шеңберіндегі Шығыс Азия саммитіне (ШАС) қатысу қарастырылуда. Атап айтқанда, 2002 жылдан бастап Үндістан-АСЕАН форматында тұрақты түрде саммиттер өткізіліп келеді. Жаңа-Дели АСЕАН Аймақтық форумының (АРФ) белсенді қатысушысы болып табылады, сондай-ақ АТЭС-ке қосылуға мүдделілік танытып отыр. Үндістан АСЕАН-ды стратегиялық серіктес және Қытайға қарсы теңгерімдеуші күш ретінде қарастырады (Ashok, 2017).

Халықаралық терроризмге қарсы іс-қимыл – Үндістанның сыртқы саясатының ең маңызды басымдықтарының бірі. Бұл саладағы шетелдік серіктестермен өзара іс-қимыл негізінен бірлескен жұмыс топтары форматында жүзеге асырылады (мысалы, халықаралық терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша Қазақстан–Үндістан Бірлескен жұмыс тобы жұмыс істейді).

Осылайша, халықаралық аренада Үндістан әлемдегі барлық жетекші елдермен ынтымақтастықты ілгерілетіп келеді. Үнді сарапшыларының пікірінше, қазіргі уақытта Үндістан өзінің дамуының шешуші кезеңінде тұр және қарқынды экономикалық өсім жағдайында әрі Делидің халықаралық қауымдастық тарапынан халықаралық дипломатия орталықтарының бірі ретінде мойындалуы нәтижесінде «өрлеуші әлемдік державаға» айналу үдерісін бастан өткеруде (Cohen, 2001; Ganguly, 2012). Теориялық тұрғыдан бұл үдеріс либералдық халықаралық тәртіптің трансформациясы (Ikenberry, 2011) және аймақтық державалардың жаһандық тәртіптегі рөлінің артуы (Hurrell, 2007) контекстінде түсіндіріледі. Осы жалпы контекст Үндістанның Қазақстанмен қатынастарының мазмұнын айқындайтын негізгі фактор болып табылады, оның нақты салалық көрінісі келесі бөлімде талданады.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстан–Үндістан қатынастарының институционалдық негізі

Қазақстан мен Үндістан арасындағы дипломатиялық байланыстар тәуелсіздік кезеңінен бастап біртіндеп институционалданды. Екі мемлекет арасындағы ресми құжаттар, үкіметаралық комиссиялардың жұмысы және жоғары деңгейдегі кездесулер қарым-қатынастың құқықтық әрі ұйымдастырушылық негізін қалыптастырды. Қазақстан мен Үндістан бір-бірін өз аймақтарындағы маңызды әрі сенімді серіктес ретінде қабылдайды, бұл екіжақты қатынастардың стратегиялық сипатын күшейтеді.

Институционалдық тұрғыдан қатынастардың негізгі ерекшелігі – көпсалалылық. Мемлекетаралық саяси диалог тұрақты сипатқа ие, экономикалық байланыстар дамып келеді, қауіпсіздік саласында ортақ мүдделер қалыптасуда, мәдени-гуманитарлық бағытта халықтар арасындағы өзара түсіністік кеңеюде. Төменде ынтымақтастықтың негізгі салалары бойынша алынған нәтижелер берілген.

Саяси ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы мен Үндістан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар 1992 жылдың 23 ақпанынан бастап орнатылған. 1992 жылы мемлекетаралық қатынастардың негізгі қағидалары мен бағыттары жөніндегі декларацияға, дипломатиялық қарым-қатынастар орнату жөніндегі хаттамаға, сауда-экономикалық қатынастар, ғылым мен технология, мәдениет, өнер, білім, ақпарат құралдары мен спорт салаларындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімдерге қол қойылды. 2002 жылы Қазақстан–Үндістан Бірлескен декларациясына қол қойылды (Santhanam, Sultanov, 2006).

Қазақстан мен Үндістанның халықаралық саясаттағы көптеген маңызды мәселелер бойынша ұстанымдары ортақ. 2009 жылы қабылданған Стратегиялық әріптестік декларациясына сүйене отырып, Қазақстан мен Үндістан ынтымақтастығы бірнеше негізгі бағыттан тұрады: ақпараттық технология саласы; мұнай-газ секторы; «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізін жасау; шағын және орта бизнес саласында екіжақты ынтымақтастықты тереңдету; сауда-экономикалық қарым-қатынасты нығайту; туризмді дамыту; мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық шеңберінде жан-жақты диалог орнату. Қазақстан Үндістан мемлекетімен қарым-қатынасты тек екіжақты деңгейде емес, сонымен қатар халықаралық және аймақтық ұйымдар аясында да дамытуды негізге алуда (Лаумулин, 2009).

Қазіргі таңда Орталық Азия елдеріне әлем елдері қызығушылық танытып отыр және аймақ елдері үшін олармен қарым-қатынас орнату маңызды. Соның қатарында Қазақстан Үндістанның Орталық Азияға деген ынтасын, аймақтық қауіпсіздікке деген оң және сындарлы ұстанымын жоғары бағалайды. Бұл 2015 жылдың жазында Н. Модидің Орталық Азиядағы бес

елдің барлығына жасаған «тарихи» сапарымен айқын көрінді. Аталған сапар Үндістан мен Орталық Азия арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа кезеңі ретінде қабылданды. Осы жүйеде Қазақстан Үндістанға Шанхай ынтымақтастық ұйымының бақылаушы мәртебесін беру туралы шешімді бірінші болып қолдады.

Экономикалық ынтымақтастық

Екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастық соңғы жылдары біртіндеп жанданып, стратегиялық әріптестіктің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Ол энергетикалық ресурстар, инвестициялар мен сауда байланыстары арқылы айқындалады. Екі ел басшылығы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге және іскерлік орта үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға басымдық беріп отыр. Бұл бағыттағы өзара іс-қимыл жоғары деңгейдегі ресми сапарлар мен үкіметаралық келіссөздер барысында тұрақты түрде талқылануда. Қазақ-үнді сауда-экономикалық қарым-қатынастарының жаңа деңгейі 2015 жылғы 7–8 шілдеде Үндістан премьер-министрі Нарендра Модидің Қазақстан Республикасының Президентімен кездесуі барысында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен Үндістанның Темір жол министрлігі арасындағы темір жол саласындағы техникалық ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюмен белгіленді («Қазақстан темір жолы»..., 2015). Бұл құжат Қазақстан мен Үндістан арасындағы екіжақты жүк терминалы мен сауда қарым-қатынасын құру мақсатында қол қойылды. Екі елдің тығыз ынтымақтастығына кедергі көлік мәселелері болып келді; енді Иран арқылы (Бандар-Аббас порты) және Батыс Үндістан порттарынан (Мундра) өтетін бағыттардың дамуына байланысты қарым-қатынас ерекше қарқын алуда (Santhanam, Sultanov, 2006).

Сауда көрсеткіштері экономикалық байланыстардың әлеуетін айқындайды. Соңғы жылдары Қазақстан мен Үндістан арасындағы тауар айналымы шамамен 1 млрд АҚШ долларын құраса, Үндістаннан Қазақстан экономикасына тартылған тікелей инвестициялар көлемі соңғы 20 жыл ішінде 450 млн АҚШ долларынан асты (Глава МИД..., 2025). Бұл көрсеткіштер екіжақты экономикалық өзара іс-қимылдың институционалдық негізі қалыптасқанын және оны одан әрі тереңдетуге мүмкіндік бар екенін көрсетеді. Экономикалық ынтымақтастықтың басым бағыттары ретінде өнеркәсіп, энергетика, көлік және логистика салалары айқындалып отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 492-ден астам қазақ-үнді бірлескен кәсіпорны тіркелген. Үнді тарапы KAZENERGY Еуразиялық форумында Үндістанға мұнай және газ тасымалдау жобасына қатысатындығы жайлы мәлімдеді. 2015 жылғы екі ел арасындағы сауда айналымы 1,3 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2013 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда екі есеге артық. Алайда 2024 жылдың қорытындысы бойынша тауар айналымы шамамен 1,03 млрд АҚШ долларын (1 029,9 млн) құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 58%-ға аз. Өзара сауда көрсеткішінің төмендеуі, ең алдымен, Үндістанға қазақстандық шикі мұнай экспортының төмендеуіне байланысты. Сонымен бірге, Шығыс және Африка зерттеулері мектебінің (SOAS) жетекші сарапшысы Бхавна Девидің бағалауынша, «сауда тұрғысынан Үндістан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас ең жоғарғы деңгейде».

Энергетикалық ынтымақтастық

Үндістанның энергетикалық ресурстарға бай мемлекет емес екендігі белгілі: көптеген аймақтарында электр энергиясы және басқа да энергетикалық ресурстар тапшылығы байқалады, сондықтан біздің еліміз үшін Үндістан нарығы энергия ресурстарының негізгі тұтынушысы бола алады. Үндістанның мұнайға жылдық сұранысының 70%-ы импорт есебінен қамтамасыз етіледі, бұл шамамен 100 млн тоннаны құрайды. Халықаралық энергетикалық агенттіктің (ХЭА) болжамы бойынша, 2030 жылға қарай Үндістан мұнай қажеттілігінің 94%-ын импорт арқылы қанағаттандырады, бұл тәулігіне 6 млн баррельге жетеді. Сонымен бірге, үнді мұнай компанияларының шетелдегі инвестициялық қызметте ауқымды және табысты тәжірибесі бар. Үнді мұнай-газ өнеркәсібінің инвестициялық флагманы – ONGC мемлекеттік компаниясы – тек Ресейдегі «Сахалин-1» халықаралық

жобасына 1,7 млрд АҚШ доллары көлемінде қаржы салды, сондай-ақ Сауд Арабиясы, Вьетнам, Судан және басқа да елдерде осындай жобаларға қатысады (Hall, 2019).

Қазақстан Үндістанмен қарқынды энергетикалық дипломатияға қызығушылық танытып отыр. Қазақстандық мамандар «Пан-Азиялық ынтымақтастық» деп аталатын энергетикалық дипломатияға негізделген әлемнің жаңа энергетикалық құрылымын құру және жаңа энергия жабдықтау арналарын іздеу мәселесіне назар аударуда. Оның мәні – жалпыазиялық газ жүйесін құру және мұқтаж елдерді энергетикалық ресурстармен қамтамасыз ету. Қазақстан Үндістанға фосфор, тыңайтқыштар, химиялық өнімдер жеткізуде. Жалпы алғанда, Үндістан екіжақты қарым-қатынастың ең маңызды факторы ретінде мұнай-газ саласында Қазақстанмен ынтымақтастықты қарастырады. Үндістан Қазақстанның мұнай және газ кен орындарын барлау және игеруге қатысуға ниетті. Атап айтқанда, Үнді тарапы мұнай мен газ өндіруді кеңейту үшін Каспийдегі жаңа кен орындарының техникалық мүмкіндіктерін барлау және бағалауды негізге алады. Үндістан Қазақстанда жаңа кен орындарын игеруге және қазақстандық компаниялармен ынтымақтастық орнатуға мүдделі (Santhanam, Baizakova, Dwivedi, 2007).

Өз кезегінде Үндістан келесі төрт жылда Қазақстаннан 5 мың тонна уран сатып алатындығы жайлы мәлімдеді. Бұл стратегиялық салаларда өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың дәлелі болып табылады. Қазақстан Республикасы мен Үндістанның атом саласындағы ынтымақтастығы аясында атом станцияларын отынмен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстаннан уран сатып алу туралы келісімге қол қойылды. Осы келісімге байланысты Қазақстан мен Үндістан бейбіт мақсаттағы атом энергетикасы саласындағы ынтымақтастығын ұзартты. Мұнай саласындағы әріптестік те екі елдің жоғары лауазымды дипломаттары талқылаған өзекті тақырыптардың бірі болды. Өйткені Үндістанның ONGC Videsh халықаралық мұнай компаниясы Каспий теңізінің Қазақстанға қарасты бөлігіндегі Сәтпаев мұнай кен орнының 25 пайыз үлесін иеленіп отыр. Үндістан бүгінде Қашаған мұнай кен орнында 8,4 пайыз үлеске ие АҚШ-тың ConocoPhillips мұнай компаниясы мен ONGC Videsh компаниясы арасында келісімшартқа қол қою үшін Қазақстанның қолдауына ие болуды көздеуде (Hall, 2019).

Қазақстан мен Үндістанның атом саласындағы ынтымақтастығының тарихы 2009 жылдың қаңтар айынан басталды. Сол кезде Қазақстанның «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы мен Үндістанның NPCIL компаниясы ынтымақтастық келісіміне қол қойды. Ол бойынша «Қазатомөнеркәсіп» Үндістанның 20 ядролық нысанындағы реакторларды уранмен қамтамасыз етуді өз міндетіне алды. Есептеулер бойынша, Үндістанның ядролық секторы 2012–2017 жылдар аралығында 5 мың тоннадан астам уранды қажет етті. 2015–2019 жылдар аралығында 5 000 тонна уран тасымалданды. Үндістан тағы 5 ядролық нысанды іске қосуды күн тәртібіне қойып отыр және ұзақ мерзімді бағдарламада 29 ядролық нысан салуды жоспарлауда (Ganguly, 2012). Сондықтан Үндістан Орталық Азия елдерімен аймақтық әріптестігін дамыту жоспарында осы елдермен атом энергетикасы саласында өзіне қажетті уранға қол жеткізуді сыртқы саясатының күн тәртібіне қоюда. Осы себепті кен өндіру, әсіресе уран өндіру, Жаңа-Делидің Орталық Азия елдерімен, ең алдымен Қазақстанмен, ынтымақтастығындағы басты сала болып табылады (Santhanam, Sultanov, 2006: 10–25).

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық

Қазақстан мен Үндістан арасындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық Орталық және Оңтүстік Азиядағы геосаяси тұрақтылыққа оң әсер етеді. Ауғанстандағы ахуал, есірткі трафигі, терроризм, діни экстремизм және трансұлттық қылмысқа қарсы күрес мәселелері екі елдің ортақ мүдделерін айқындайды. Екі ел Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған бастамаларды қолдайды. Қазақстан мен Үндістан көпжақты дипломатияны, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу және халықаралық қауіпсіздік архитектурасын күшейту идеясын ұстанады.

Қазақстан мен Үндістан арасындағы әскери ынтымақтастық қорғаныс ведомстволары арасындағы келісімдер мен бірлескен іс-шаралар арқылы жүзеге асады. 2015 жылы қорғаныстық және әскери-техникалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойылғаннан кейін бұл сала айтарлықтай дамыды (Қазақстан Республикасы Үкіметі..., 2015). «KazInd» бірлескен әскери жаттығулары 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. 2021 жылғы 2–10 қыркүйекте Жамбыл облысындағы «Айша-бибі» полигонында 5-ші бірлескен «KazInd-2021» Қазақстан–Үндістан оқу-жаттығуы өтті. 6-шы «KazInd-2022» жаттығулары 2022 жылғы 15–28 желтоқсанда Мегала штатында өтті (Қазақстаннан 90 әскери қызметші қатысты), ал 7-ші «KazInd-2023» жаттығулары 2023 жылғы 30 қазан – 11 қараша аралығында ҚР Қарулы Күштері «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің «Матибұлақ» полигонында өтті. Қазақстанның әскери студенттері мемлекетаралық келісімдер арқылы алмасу бағдарламасымен білім алып, Үндістанның әскери колледждерінде оқу мүмкіндігіне ие. Р. Беттстің әскери дайындық тұжырымдамасы тұрғысынан бағалағанда (Betts, 1995), тұрақты бірлескен жаттығулар мен кадр даярлау бағдарламалары қорғаныс саласындағы ынтымақтастықтың институционалдық деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Білім беру және ғылыми-техникалық ынтымақтастық

Қазақстан–Үндістан Үкіметаралық комиссиясы шеңберінде ғылым мен технологиялар бойынша екіжақты бірлескен қосалқы комитет жұмыс істейді. 2009 жылдың басында Қазақстанда осы қосалқы комитеттің 4-отырысы өткізілді. Оның шеңберінде 2009 жылдан бастау алған ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың екіжақты бағдарламасына қол қойылды (Santhanam, Sultanov, 2006).

«Қазақстан–Үндістан өзара іс-қимылы: мәселелер мен перспективалар» атты конференция қорытындысы бойынша 2008 жылғы 18–19 желтоқсанда Делиде ҚР Президенті жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты мен «Observer Research Foundation» ғылыми-зерттеу қоры арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім сараптамалық кеңес құруды көздейді. Аталған кеңестің мақсаты – екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу. Үндістанның техникалық және экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы (ИТЕС) аясында қазақстандық студенттер Үндістанда білім алуда, сонымен қатар Қазақстан университеттерінде үнді студенттерінің медициналық білім алуы кеңінен таралған. Жалпы, елімізде Үндістаннан келген 5 мыңға жуық студент медицина саласында білім алуда.

Қатынастардың кезеңдері және негізгі қорытындылар

Жүргізілген талдау Үндістан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасты екі кезеңге бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Бірінші кезең (1992–2008 жж.) – дипломатиялық қарым-қатынас орнатылғаннан кейінгі институционалдық негіздің қалыптасу кезеңі: осы уақытта негізгі шарттық база жасалды, үкіметаралық комиссия құрылды, алайда экономикалық байланыстар шектеулі болып қалды. Екінші кезең (2009 жылдан бері) – Стратегиялық әріптестік декларациясына қол қойылғаннан кейінгі кезең: бұл кезең атом энергетикасы, қорғаныс және көлік салаларындағы келісімдермен, 2015 жылғы Н. Модидің Орталық Азияға сапарымен және бірлескен әскери жаттығулардың тұрақты сипат алуымен ерекшеленеді. Осылайша, өзара тиімді әріптестіктің қалыптасуы және екі ел арасындағы түрлі салалардағы ынтымақтастық бағыттарының кеңею тенденциясы екінші кезеңді сипаттайды, ал жалпы қалыптасу тарихын ескере отырып, болашақта ынтымақтастықтың оң перспективалары туралы айтуға болады.

Қазақстан–Үндістан қатынастарын талдау нәтижесінде екі негізгі тұжырымды бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, тараптар арасында саяси сенім деңгейі салыстырмалы түрде тұрақты және қайшылықтар аз; бұл көпсалалы ынтымақтастықты жоспарлы түрде дамытуға мүмкіндік береді. Екіншіден, экономикалық ынтымақтастықтың нақты нәтижелері әлеуеттен төмен: тауар айналымы 1–1,3 млрд АҚШ доллары деңгейінде тұрақтап, 2024 жылы едәуір төмендеді. Бұл айырмашылық логистикалық шектеулермен, инвестициялық жобалардың баяу

жүзеге асуымен және бизнес-қоғамдастықтар арасындағы тікелей байланыстардың жеткіліксіздігімен түсіндіріледі (Muratbekova, Khitakhunov, 2024: 69–78).

Перспективалық бағыт ретінде цифрландыру, «жасыл» технологиялар, фармацевтика, агроинновациялар және логистика салаларын атап өтуге болады. Бұл бағыттар екі елдің даму стратегияларымен үйлеседі әрі ұзақ мерзімді нәтиже бере алады.

Қорытынды

Үндістан ұзақ уақыт бойы ұстанып келген бейтараптық саясатын «көпбағытты» саясатқа өзгертуде. Бұл саясат халықаралық істерге белсендірек араласуды көздейді және Үндістанды «тек тепе-теңдік сақтаушы емес, жетекші держава» ретінде қалыптастыруды мақсат етеді. Үндістанның өсіп келе жатқан әл-ауқаты мен Премьер-министр Нарендра Модидің ерекше белсенділігі ел үкіметіне дамуға бағытталған оптимистік саясат жүргізуге және сыртқы саясатта берік ұстаным қалыптастыруға мүмкіндік берді. Үндістанның сыртқы саясаты стратегиялық автономияға сүйенетін көпөлшемді модель ретінде дамып отыр. Бұл модель қауіпсіздік, экономикалық даму және халықаралық беделді арттыру мақсаттарын үйлестіреді. Қазақстанмен қарым-қатынас Үндістанның Орталық Азиядағы серіктестік саясатының маңызды құрамдас бөлігі саналады.

Қазақстан – Үндістанның Орталық Азиядағы ең ірі сауда және инвестициялық серіктесі. 2009 жылғы Стратегиялық әріптестік декларациясына сүйене отырып, екі ел саяси, экономикалық, қауіпсіздік және мәдени салаларда қарым-қатынасын арттырып келеді. Үндістан Қазақстанмен дипломатиялық қатынастарды алғашқылардың бірі болып орнатқанымен, 1990-жылдары екіжақты байланыстар Үндістан сыртқы саясатында екінші кезекте тұрды. 2000-жылдардың басында Үндістан аймаққа қатысты көзқарасын қайта қарап, нәтижесінде 2009 жылы Қазақстанмен стратегиялық әріптестік орнатты. Соңғы онжылдықта екі ел арасындағы саяси диалог айтарлықтай жанданды, бұл мемлекет басшылары мен министрлердің жиі кездесулерінен, өзара сапарларынан және халықаралық алаңдардағы өзара іс-қимылынан көрінеді. Үндістан Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) аясындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту бастамаларын қолдайды. Сонымен қатар, екі ел Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында саяси, экономикалық және қауіпсіздік салаларында әріптестік орнатқан.

Институционалдық деңгейде Үндістан мен Қазақстан Үкіметаралық комиссия арқылы ынтымақтасады. Сонымен қатар сауда, ақпараттық технологиялар, әскери-техникалық ынтымақтастық, тоқыма өнеркәсібі, көлік және ғарыш салаларында бірлескен жұмыс топтары жұмыс істейді. Экономикалық тұрғыдан Қазақстанның мұнай, газ және уран қорлары Үндістан үшін маңызды балама энергия көздері болып табылады. Үндістан Қазақстаннан негізінен шикізат импорттаса, Қазақстан Үндістаннан фармацевтика, тоқыма және машина жасау өнімдерін импорттайды.

Зерттеудің жаңалығы – Қазақстан–Үндістан қатынастарының екі кезеңдік моделін ұсыну және саяси сенім деңгейі мен экономикалық нәтижелер арасындағы алшақтықты нақты көрсеткіштер негізінде дәлелдеу. Қазақстан–Үндістан ынтымақтастығын тереңдету үшін мына бағыттар ұсынылады: 1) көлік-логистикалық байланыстарды институционалдандыру және транзиттік мүмкіндіктерді кеңейту; 2) фармацевтика, IT және жоғары технология салаларында бірлескен жобаларды дамыту; 3) энергетика және стратегиялық ресурстар бойынша ұзақ мерзімді келісімдер жүйесін нығайту; 4) қауіпсіздік саласында үйлестіру тетіктерін кеңейту; 5) білім, ғылым және мәдени дипломатияны тұрақты бағдарламалармен қамтамасыз ету. Осы ұсыныстарды іске асыру Қазақстан–Үндістан қатынастарын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, екі елдің өңірлік және жаһандық мақсаттарына сәйкес өзара тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

Глава МИД..., 2025 – Глава МИД совершил официальный визит в Индию [Электрондық ресурс] // Liter.kz. URL: <https://liter.kz/glava-mid-sovershil-ofitsialnyi-vizit-v-indiiu-1749132772/> (қаралған күні: 18.02.2026).

«Қазақстан темір жолы»..., 2015 – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен Үндістан Республикасының Темір жол министрлігі арасындағы темір жол саласындағы техникалық ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум. Астана, 08.07.2015 [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz/> (қаралған күні: 18.02.2026).

Қазақстан Республикасы Үкіметі..., 2015 – Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Үндістан Республикасы Үкіметі арасындағы қорғаныстық және әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісім. Астана, 08.07.2015 [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P15000506> (қаралған күні: 18.02.2026).

Лаумулин, 2009 – *Лаумулин М.Т.* Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Т. 1. Алматы, 2009. 356 с.

Ashok, 2017 – *Ashok K.* India's Nuclear Diplomacy and Strategy. New Delhi: Routledge, 2017. 245 p.

Bajpai, 2002 – *Bajpai K.* Indian Strategic Culture // South Asia in 2020: Future Strategic Balances and Alliances / Ed. M.R. Chambers. Carlisle: Strategic Studies Institute, U.S. Army War College, 2002. P. 245–304.

Betts, 1995 – *Betts R.K.* Military Readiness: Concepts, Choices, Consequences. Washington, DC: Brookings Institution, 1995. 322 p.

Cohen, 2001 – *Cohen S.P.* India: Emerging Power. Washington, DC: Brookings Institution Press, 2001. 320 p.

Ganguly, 2012 – *Ganguly S.* Indian Foreign Policy: Retrospect and Prospect. Oxford: Oxford University Press, 2012. 312 p.

Hall, 2019 – *Hall I.* Modi and the Reinvention of Indian Foreign Policy. Bristol: Policy Press, 2019. 256 p.

Hurrell, 2007 – *Hurrell A.* On Global Order: Power, Values, and the Constitution of International Society. Oxford: Oxford University Press, 2007. 352 p.

Ikenberry, 2011 – *Ikenberry G.J.* Liberal Leviathan: The Origins, Crisis, and Transformation of the American World Order. Princeton: Princeton University Press, 2011. 392 p.

Mohan, 2003 – *Mohan C.R.* Crossing the Rubicon: The Shaping of India's New Foreign Policy. New Delhi: Viking, 2003. 320 p.

Muratbekova, Khitakhunov, 2024 – *Muratbekova A., Khitakhunov A.* India's Foreign Policy in Kazakhstan: Analysis of Cooperation Potential // International Relations and International Law Journal. 2024. Vol. 105. № 1. P. 69–78. DOI: <https://doi.org/10.26577/irilj.2024.v105.i1.07>

Santhanam, Baizakova, Dwivedi, 2007 – *Santhanam K., Baizakova K., Dwivedi R.* India–Kazakhstan Perspectives. Almaty, 2007. 214 p.

Santhanam, Sultanov, 2006 – *Santhanam K., Sultanov B.* India and Kazakhstan Relations. Almaty, 2006. 198 p.

References:

Ashok, 2017 – *Ashok K.* India's Nuclear Diplomacy and Strategy. New Delhi: Routledge, 2017. 245 p.

Bajpai, 2002 – *Bajpai K.* Indian Strategic Culture // South Asia in 2020: Future Strategic Balances and Alliances / Ed. M.R. Chambers. Carlisle: Strategic Studies Institute, U.S. Army War College, 2002. P. 245–304.

- Betts, 1995 – *Betts R.K.* Military Readiness: Concepts, Choices, Consequences. Washington, DC: Brookings Institution, 1995. 322 p.
- Cohen, 2001 – *Cohen S.P.* India: Emerging Power. Washington, DC: Brookings Institution Press, 2001. 320 p.
- Ganguly, 2012 – *Ganguly S.* Indian Foreign Policy: Retrospect and Prospect. Oxford: Oxford University Press, 2012. 312 p.
- Glava MID..., 2025 – Glava MID sovershil ofitsial'nyy vizit v Indiyu [The Minister of Foreign Affairs paid an official visit to India] [Elektronnyy resurs] // Liter.kz. URL: <https://liter.kz/glava-mid-sovershil-ofitsialnyi-vizit-v-indiiu-1749132772/> (accessed: 18.02.2026). (in Rus).
- Hall, 2019 – *Hall I.* Modi and the Reinvention of Indian Foreign Policy. Bristol: Policy Press, 2019. 256 p.
- Hurrell, 2007 – *Hurrell A.* On Global Order: Power, Values, and the Constitution of International Society. Oxford: Oxford University Press, 2007. 352 p.
- Ikenberry, 2011 – *Ikenberry G.J.* Liberal Leviathan: The Origins, Crisis, and Transformation of the American World Order. Princeton: Princeton University Press, 2011. 392 p.
- Laumulin, 2009 – *Laumulin M.T.* Tsentral'naya Aziya v zarubezhnoy politologii i mirovoy geopolitike [Central Asia in Foreign Political Science and World Geopolitics]. T. 1. Almaty, 2009. 356 p. (in Rus).
- Mohan, 2003 – *Mohan C.R.* Crossing the Rubicon: The Shaping of India's New Foreign Policy. New Delhi: Viking, 2003. 320 p.
- Muratbekova, Khitakhunov, 2024 – *Muratbekova A., Khitakhunov A.* India's Foreign Policy in Kazakhstan: Analysis of Cooperation Potential // International Relations and International Law Journal. 2024. Vol. 105. № 1. P. 69–78. DOI: <https://doi.org/10.26577/irilj.2024.v105.i1.07>
- Qazaqstan Respublikasy Ukimeti..., 2015 – Qazaqstan Respublikasy Ukimeti men Undistan Respublikasy Ukimeti arasyndagy qorganystyq zhane askeri-tekhnikalyq yntymaqtastyq turaly kelisim [Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Republic of India on Defence and Military-Technical Cooperation]. Astana, 08.07.2015 [Elektrondyq resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P15000506> (accessed: 18.02.2026). (in Kaz).
- «Qazaqstan temir zholy»..., 2015 – «Qazaqstan temir zholy» ulttyq kompaniyasy» aktsionerlik qogamy men Undistan Respublikasynyn Temir zhol ministrligi arasyndagy temir zhol salasyndagy tekhnikalyq yntymaqtastyq zhonindegi ozara tusinistik turaly memorandum [Memorandum of Understanding on Technical Cooperation in the Railway Sector between "Kazakhstan Temir Zholy" National Company JSC and the Ministry of Railways of the Republic of India]. Astana, 08.07.2015 [Elektrondyq resurs]. URL: <https://www.akorda.kz/> (accessed: 18.02.2026). (in Kaz).
- Santhanam, Baizakova, Dwivedi, 2007 – *Santhanam K., Baizakova K., Dwivedi R.* India–Kazakhstan Perspectives. Almaty, 2007. 214 p.
- Santhanam, Sultanov, 2006 – *Santhanam K., Sultanov B.* India and Kazakhstan Relations. Almaty, 2006. 198 p.

¹Туркстанова А.Е. * ²Муратбекова А.М.

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Евразийский научно-исследовательский институт Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹bota.yespan@gmail.com, ²a.muratbekova@ayu.edu.kz

ИНДИЯ – КАЗАХСТАН: ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА И ДВУСТОРОННИЕ ОТНОШЕНИЯ

Аннотация. Цель исследования – комплексный анализ внешнеполитических приоритетов Республики Индия и их влияния на развитие двусторонних отношений с Республикой Казахстан. Значимость исследования определяется ростом влияния Индии в Центральной Азии, в том числе в Казахстане, и необходимостью научной оценки стратегического партнерства двух стран. Новизна статьи состоит в рассмотрении концепции «стратегической автономии» Индии во взаимосвязи с конкретными сферами казахстанско-индийских отношений (политической, экономической, энергетической, оборонной, образовательной) и в предложении периодизации двусторонних отношений. Задачи исследования: охарактеризовать эволюцию внешней политики Индии и ее центральноазиатскую стратегию; определить институциональную основу двусторонних отношений с 1992 года; проанализировать основные сферы сотрудничества; выявить ограничения и перспективные направления партнерства. Практическая значимость заключается в возможности использования полученных выводов при планировании внешней политики Казахстана на южноазиатском направлении и в экспертно-аналитической работе. Методологическую основу составляют теории реализма, либерализма и конструктивизма; в эмпирическом анализе применены историко-хронологический, сравнительный, системный и статистический методы, а также контент-анализ официальных документов. Основные результаты: выделены два этапа развития казахстанско-индийских отношений (1992–2008 гг. – формирование дипломатико-институциональной основы; с 2009 г. – стратегическое партнерство); показано, что при высоком уровне политического доверия реальные результаты экономического сотрудничества ниже потенциала; урановая и нефтегазовая сферы определены как основной драйвер двусторонних отношений. В заключении предложены пять направлений углубления сотрудничества: транспорт и логистика, фармацевтика и ИТ, энергетика, безопасность и гуманитарная сфера.

Ключевые слова: внешняя политика Индии, стратегическая автономия, Центральная Азия, стратегическое партнерство Казахстан–Индия, многовекторная политика, энергетическое сотрудничество, уран и атомная энергетика, региональная безопасность, гуманитарные связи.

¹Turkstanova A.Ye. * ²Muratbekova A.M.

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Eurasian Research Institute, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹bota.yespan@gmail.com, ²a.muratbekova@ayu.edu.kz

INDIA – KAZAKHSTAN: FOREIGN POLICY AND BILATERAL RELATIONS

Abstract. The purpose of the study is a comprehensive analysis of the foreign policy priorities of the Republic of India and their impact on the development of bilateral relations with the Republic of Kazakhstan. The significance of the study is determined by India's growing influence in Central Asia, including Kazakhstan, and the need for a scholarly assessment of the strategic partnership

between the two countries. The novelty of the article lies in examining India's concept of "strategic autonomy" in connection with specific areas of Kazakhstan–India relations (political, economic, energy, defence and education) and in proposing a periodisation of bilateral relations. The research objectives are to characterise the evolution of India's foreign policy and its Central Asia strategy; to identify the institutional basis of bilateral relations since 1992; to analyse the main areas of cooperation; and to identify the limitations and promising directions of the partnership. The practical significance lies in the possibility of using the findings in planning Kazakhstan's foreign policy towards South Asia and in expert-analytical work. The methodological basis comprises the theories of realism, liberalism and constructivism; the empirical analysis employs historical-chronological, comparative, systemic and statistical methods, as well as content analysis of official documents. Main results: two stages in the development of Kazakhstan–India relations are identified (1992–2008 – formation of the diplomatic and institutional basis; since 2009 – strategic partnership); it is shown that, despite a high level of political trust, the actual results of economic cooperation fall short of the potential; the uranium and oil-and-gas sectors are identified as the main driver of bilateral relations. In conclusion, five directions for deepening cooperation are proposed: transport and logistics, pharmaceuticals and IT, energy, security and the humanitarian sphere.

Keywords: India's foreign policy, strategic autonomy, Central Asia, Kazakhstan–India strategic partnership, multi-vector policy, energy cooperation, uranium and nuclear energy, regional security, humanitarian ties.

Авторлар туралы мәлімет:

Туркстанова Акбота Ералықызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультетінің 2 курс докторанты, Алматы, Қазақстан

Мұратбекова Альбина – PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Алматы қ., Қазақстан

Сведения об авторах:

Туркстанова Акбота Ералықызы – докторант 2 курса факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Муратбекова Альбина – PhD, старший научный сотрудник Евразийского научно-исследовательского института Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Алматы, Казахстан

Information about the authors:

Turkstanova Akbota Yeralykyzy, 2nd-year PhD student, Faculty of International Relations, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Muratbekova Albina, PhD, Senior Research Fellow, Eurasian Research Institute, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Almaty, Kazakhstan

*Келін түсті 1 маусым 2026 жыл
Қабылданды 2 тамыз 2026 жыл*